



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

41

№

№

26.11.2024

**Тұрақты комиссияның  
2024 жылғы 26 қарашадағы  
қаулысы**

**Мәдениет және спорт салаларын  
дамытудың 2024-2026 жылдарға  
арналған кешенді жоспарын  
іске асыру барысы туралы**

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы мәдениет және спорт салаларын дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған кешенді жоспарының іске асырылу барысы туралы ақпаратты тыңдап, талқылай отырып, мыналарды атап өтеді.

Мәдениет саласын дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған кешенді жоспарын орындау шеңберінде келесі жылы «Астана қаласының құрылыс басқармасы» ММ - мен өзара іс-қимыл нәтижесінде «АЛЖИР» мұражайын-сыртқы түрі мен ішкі толықтығын қайта жаңарту, «Атамекен» Қазақстан Картасы» Этно-мемориалдық кешенінің, Астаналық цирктің жөндеу жұмыстарын жүргізу, 50-ге жуық адамды тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарлануда. Қалада барлығы 25 кітапхана болады, жоспарда – 3 жаңа кітапхана құру.

Дене шынықтыру және бұқаралық спорт саласын дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған кешенді жоспарын орындау шеңберінде жергілікті атқарушы орган Жоспардың 21 тармақтан тұратыны туралы ақпарат берді, оның ішінде 5 тармақ орындалды, 16 тармақ бойынша жұмыстар жүргізілуде. «Көркем гимнастика мектебіне» қосымша құрылыс салу жоспарланған, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорт нысанын салуға жер телімдері бөлінген. Жан басына қаржыландыру мәселелері де шешілу сатысында.

Сонымен қатар, Жас көрерменнің музыкалық театрын күрделі жөндеу, «Наз» би театрының әртістері үшін автобус сатып алу, кешенді жоспарда көзделген қалалық театрлар үшін қосымша штаттық бірліктер бөлу бойынша бюджеттік өтінімдерге қолдау көрсетілмеді.

Отырысқа дайындық аясында Астана қаласы мәслихатының депутаттары «АЛЖИР» саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының мұражай-мемориалдық кешеніне, «№ 1 ОРМБЖСМ» КММ,



«Жастар» театры» МКҚК, «Астаналық цирк» МКҚК-ға барды, нәтижесінде объектілерге жөндеу жүргізу қажет екендігі анықталды. «№ 1 ОРМБЖСМ» КММ «Женіс» спорт кешенінде қосымша спорт залы үшін үй-жай қосу, сондай-ақ автотұрақты орналастыру үшін іргелес аумақты кеңейту қажет.

Бұдан басқа, Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел ден қою орталығы» ШЖҚ МКК (Ікомек109 орталығы) ұсынған деректерге сәйкес, 2024 жылдың басынан бері мәдениет және спорт мәселелері бойынша 66 өтініш тіркелген. Өтініштердің басым бөлігі ескерткіштерді, спорт кешендерін жөндеуге, спорттық және мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға қатысты шағымдарға қатысты келіп түсті.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Мәдениет және спорт салаларын дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру барысы бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс туралы ақпарат назарға алынсын.

2. «Астана қаласының мәдениет басқармасы» ММ мүдделі ұйымдармен бірлесіп:

елорда мұражайларын жаңғырту, олардың жәдігерлерін жаңарту және толықтыру, сондай-ақ келушілер үшін мұражайлардың тартымдылығын арттыру және қаланың мәдени әлеуетін кеңейту мақсатында инфрақұрылымды жақсарту жөнінде шаралар қабылдау;

Сәкен Сейфуллин атындағы мұражай ғимаратында «Алаш үйі» жаңа музейін құру туралы ұсынысты зерделеу;

алдыңғы кезендердегі көрсеткіштермен салыстырғанда қала кітапханаларын жаңғыртқаннан кейін кітапханаларға келу динамикасы туралы деректерді ұсыну;

елордалық циркті жөндеу жобасын іске асырудың нақты мерзімдері бар басым міндеттер тізбесіне енгізу, әлсіз жерлерді анықтау үшін қолданыстағы инженерлік жүйелерге (жылыту, желдету, электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау) аудит жүргізу;

Астаналық цирктің бірегей мәдени және сәулеттік мақсатын сақтау үшін оның ғимаратында мейрамханаларды қоса алғанда, жеке кәсіпорындарды орналастырудан бас тартуды қарастыру;

«Астана қаласының ішкі саясат басқармасы» ММ-мен бірлесіп, елордада үкіметтік емес ұйымдар үшін орталық құру жөнінде ұсыныстар енгізу;

қалалық кітапханаларда қолжетімді басылымдарды ыңғайлы іздеу үшін Астана қаласы кітаптарының бірыңғай электрондық базасын құру;

«АЛЖИР» саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының мұражай-мемориалдық кешеніне бару саны туралы ақпарат беру;

Астана қаласы мәслихатының депутаты А. Сағымбаевты «АЛЖИР» саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының мұражай-



мемориалдық кешенін қайта құру жөніндегі жұмыс тобының құрамына енгізу;

елордада креативті индустрия орталығын құру жөнінде ұсыныстар енгізу;

«Астана қаласының білім басқармасы» ММ-мен бірлесіп мектеп жасына дейінгі оқушылар мен балалардың мәдениет объектілеріне қатысуын арттыру мәселесін пысықтау;

елордада халықаралық форматтағы жыл сайынғы имидждік іс-шара өткізу жөнінде ұсыныстар енгізу;

театр спектакльдерінің, көрмелердің, концерттердің, цирк қойылымдарының сұранысқа ие репертуарын қалыптастыру үшін мақсатты аудитория арасында сауалнама жүргізу ұсынылсын.

3. «Астана қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ-ға: ұсынылсын:

БЖСМ, құрама командалардың материалдық-техникалық жабдыкталуына назар аудара отырып, спорт саласындағы проблемалық мәселелерді шешу бойынша кешенді жұмыс жүргізу;

қысқы спорт түрлері мен көркем гимнастика бойынша командаларды жаттығу базаларымен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын;

жыл сайын бірнеше спорт түрлеріне басымдық беру және барлық проблемалық мәселелерді мүмкіндігінше шешу ұсынылсын, ол үшін жеткілікті лимитті анықтау қажет.

4. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпарат қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде жіберілсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының  
әлеуметтік-мәдени даму мәселелері  
жөніндегі тұрақты комиссиясының  
төрағасы**



**А.Смағұлов**